



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. Петрин В.Т., Таймағамбетов Ж.К. Жоғарғы Ертіс маңындағы палеолиттік Шульбинка тұрағының кешендері.- А.: Арыс, 2000, 300 б.
3. Ақышев К. А. Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – А.: Ғылым, 1987, 280 с.
4. Таймағамбетов Ж.К. /Тенгри ньюст, 15 октябрь, 2016.
5. Уникальный объект палеолита найден в Казахстане
<http://www.archaeology.nsc.ru/newsarcru/109>

ӘӨЖ 392.9

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОЛ ӨНЕРІ: ЖАҒЛАН

Шүлембаев Ержан Құндызбайұлы

er_jan_94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Археология және этнология мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - С.Ботбайбекова

Халқымызға ежелгі замандардан бері еңбек етумен қатар, уақыт ағымымен бірге өнерін де ұдайы дамытып отырды. Солардың бірі халқымыздың қол өнері. Қолөнер тарихи-этнографиялық, саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты әр заманда әртүрлі сатыда дамытып, түрленіп отырды. Халқымыздың мәдениеті мен өнерінің дамуына Алдыңғы және Орта Азия, Шығыс Европа скифтері мен Қиыр Шығыс, Сібір, Алтай халықтарының ықпалы зор болды. Ерте кезеңде-ақ көршілес жатқан мемлекеттер мен мәдени қарым-қатынас нығайып, саяхат, сауда жасау арқылы, әр мемлекет бір-бірінен өнердің озық үлгілерін үйреніп, жетілдіріп отырған.

Қандай халықтың қол өнері болмасын оның тарихымен, қоғамдық құрылысы, әдет-ғұрып, салт-санасымен астасып қатар өркендейді. Қол өнер адам баласының әсемдікке, нәзіктікке деген ұмтылысын, сол бағытта табиғатты өзінше таңбалап бедерленуін, сұлулықты іздеуге деген құштарлығын танытады. Ол арқылы біз үлкен рухани-эстетикалық тәлім алып, өнер әлеміне қатаң қағамыз.

Кіп-кішкентай түймеден бастап, толып жатқан үй жиһаздары, ат әбзелдері, қару-жарак, музыка аспаптары, кілем, киім-кешек, ыдыстар, әсемдік, сәндік бұйымдарының барлығы да халық қолөнерінің туындылары болып саналады.

Қолөнер бұйымдарын көркем эстетикалық талғаммен, нақышына келтіріп өрнектеп, әшекейлеп шығаратын адамдарды қолөнер шеберлері дейміз. Әр шебердің өзі сүйетін материалдары мен сол материалды ұсатып, әшекейлеп-өңдеуде маңгерген өз тәсілі болды.

Қазақ шеберлері көп қолданылатын материалдарға ағаш, метал, тері, былғары, қайыс, жүн, жіп, ши, қамыс, киіз, мата, тас, бояу, сүйек, мүйіз тағы басқалары жатады. Аталған материалдарды өңдеу, әшекейлеу және одан әртүрлі бұйымдар жасау үшін қолданылатын тәсілдері: қашау, ою, құю, шеку, нақыс салу, өрнектеу, бояу, ширату, кесу, тесу, илеу, сыру, шабу, т.с.с. болып кете береді.

Қазақ халқының материалдық мәдениетіне тоқталар болсақ өте бай. Кез келген халық этносы табиғи ортаны игере отырып, өзінің мәдениетін, басқаша айтсақ, этникалық болмыстың айғағы іспеттес дәстүрлі мәдениетті жасайды. Мұның өзі сайып келгенде, этнос жаңа орта қалыптастыру арқылы өзінің табиғатына сәйкес тіршіліктің тетігі – қоғамдық қатынастарды жасайды. Демек, дәстүрлі мәдениет - өзінің табиғи негізі болған ортаға мейлінше бейім үйлесімді механизм.

Қазақ халқының өмір сәнінің бірі үй жиһаздары. Қазақтың көне үй іші мәдениетін сақтауда қазақтардың алатын орны ерекше. Қазақ халқы киіз үйдің ішкі кеңістігіне сай оны бөліп пайдаланған. Төрде отырған адам есік жақаға көз салса, үй ішінің бөліктерін айырады.

Жалпы қол өнер – ерте заманан бері атадан балаға мұра болып келе жатқан өнер түрі. Әр түрлі ұлт өкілдерінің тұрмысында күні бүгінге дейін сақталап келе жатқан тұрмыстық бұйымдар баршылық. солардың бірі көшпелі мал шаруашылығынан жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысқа қажетті ағаштан жасалған бұйымдары болып табылады. Біздің тоқталатын бұйымымыз қазақ халқының тұрмыста пайдаланған бұйымы – жағлан.

Жұқа тақтайшалардан құрастырылып, сыртын былғары мен қапталған, сәнді сандық түрін жағлан деп атаймыз. [1] Жағланның тек бет жағы ғана әр түрлі әдіспен көркемделеді. Оның ағаш негізі бір-бірімен қайыс таспа арқылы бірігіп, сырты оюланған қалың қара былғарымен қапталған. Қошқар мүйіз, қос мүйіз, сынар мүйіз оюлары жүргізіледі. Жағлан бетінің дәл ортасынан дөңгелек, екі шетінен жапырақ тәрізді дөңес көздер көксауыр былғарыдан ойыстырылады. Төрт бұрышындағы дөңгелек жұлдыз тәрізденіп бастырылған өрнектің ортасында күміс көздер болады. Жағлан негізінен киім-кешек, әстүрлі тұрмыста қажетті, жеке бұйымдар салып қоюға лайықталған. ХҮІІІ-ХІХ ғғ. бастап жағлан кең қолданысқа ие болды. Жағланның кейбір тамаша үлгілері қазірге дейін Шу бойын мекендейтін елдерде кездеседі, Түркістан, Алматы музейлерінде де сақталған. Негізінен, жағландар әбдіре-сандық сияқты үлкен емес. Оның ұзындығы 60—70 сантиметр, ені мен биіктігі 30—35 сантиметр шамасында болады. Жағланның ең көне түрлерін біз 1959 жылы Шу бойынан кездескен. ҚР МОМ қорында сақталған.

Осы тектес тағы бір жағлан қызғылт былғарымен қапталыпты. Сыртқы беті ромбыланып торланған, екі үлкен текшелердің ортасына күміс көздер орнатылған. Әр ромбының қиылысатын бұрыштарына күміс бүркеншікті кішкене шегелер қағылып көркемделген. Осы екі жағлан қақпақтары әбдіре қақпағы сияқты емес, кебеже қақпағы тәрізденіп жасалған. Соған қарағанда, бұлар кемінде бұдан 100—150 жыл бұрын жасалған болу керек. Пәленше деген ғалымның еңбегінде осылай деп жазылған деп көрсету керек.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, шаруашылық жайында қол өнер саласында тері өңдеу өнері маңызды орын алады.

Себебі, негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болғандықтан қазақ халқы малдың етін сүтін азық етсе, терісі мен жүнін киім кешек тігуге, тұяғы мен мүйізінен, сүйегінен әртүрлі колөнер бұйымдарын әзірлеген. [2]

Жағланның жоғарыда айтып кеткендей ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында әбдіре-сандық үлгісімен жасалған түрін Мерке, Жамбыл аудандарында кездессе. Дәл осындай жағландар кезіндегі Қазақстанның орталық және Ө. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейлерінде сақтаулы болғандығын Х. Арғынбаев жазған. Бұлар кезінде Талдықорған, Жамбыл облыстарынан табылған бұйымдар. Осы жағландардың жасалу тәсілі, көлемі, материалы мен көркемдеу тәсіліне қарағанда, бәріне тән ортақ ұқсастықтар көп. Сондықтан да, оларды белгілі бір шебердің қолынан шыққан нағыз өнер туындысы деуге әбден болады. Бұл жағландардың сүйегі қарағай тақтай екен, тек қолдан жасалған шегелер арқылы құрастырылған. Сырты түгелдей қалың қоңыр түсті былғарымен қапталып, бет жағына стильденген қошқар мүйіз, қос мүйіз оюлары бедерленген. Оған қосымша үш жерден ортасында қызыл тастары бар үлкен-үлкен үш дөңгелек күміс гүл шоқтары бейнеленген. Жиектері мен бұрыштары әр түрлі күміс әшекейлермен безендірілген. Жағланды құлыптауға арналған темір ілгектің бет жағы күмістеліп, төрт жерден қызыл тас орнатылған. Жағлан жасайтын қазақ шеберлері ХVІІІ— ХІХ ғасырларда Қазақстанның оңтүстік және Жетісу өңірлерінде көп болған. Жағланға қажетті сапалы былғары мен күміс табу оңай бол-маған, оларды тек сән қуған ауқатты адамдар ұзатылатын қыздарына арнап, өз материалдарынан жасатқан деп жазады Х. Арғынбаев. [3]

Ауқатты адамдар жағланды қыз жасауына қосқан, оны былғарымен қаптатып, күміс құймалармен әшекейлеген. Жағланның түсіне қарай **қызыл жағлан, алтын жағлан** т.б. деп атаған.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша қыз жасауының тізімі:

Ақ отау

Ол – екі үзік, екі туырлық, бір түндік. Ақ отаудың шаңырағын, керегесін және жарты жабын киізін күйеу әкеледі.

Көрпе-төсек

Ағаш төсек, құс төсек, көрпе-жастық, төсеніш көрпе, құрақ көрпе, жүкаяқ, сандық, жағлан.

Төсеніш

Бірнеше текемет, сырмақ, от киіз, 4-5 алаша, 2-3 кілем. Киім-кешек

Әрқайсысы тоғыздан тон, ішек, көйлек-көншек, шапан, қамзол, бешпент. Ыдыс-аяқ

Қазан-ошақ, құман, саба, торсық, шара, шөміш, ожау, қасық, тостаған, күбі, келі, кебеже, асадал, саптыаяқ, тегене.

Қару-жарақ

Ер-тұрман, садақ, берік сауыт, қалқан, берен қылыш. Көлік және сауын малы

Әр түлік бойынша бір-бір мал.

Сойыс малы

Сойыс малы бір, бір жарым жылға мөлшерлеп беріледі. Құрал-жабдықтар

Балта, шот, балға, ара, егеу, ине, біз, үскі, талыс және т.б.

Көріп отырғанымыздай жағлан қыз бұйымының басты затының бірі болған. Жағланды кей өңірлерде **жағдан, жағлаң** деп те атаған. Жағлан қазақ арасында парсының жағадан «сырты қаңылтырмен қапталған сандық» деген ұғымды білдіретін атаудан ауысқан деп та айтады.

1902 жылы ағаштан дайындалып жасалған жағланды ҚР МОМ қорынан (КП 13466) көре аламыз. Ұзындағы 75,5см, ені 31 см, биіктігі 29 см, сырты толығымен қызыл-қоңыр түсті былғарымен қапталған. Жағланның бет жағынан табан өрнегіне ұқсас төрт жұп өрнек және екі жұп қошқар мүйіз өрнегі кескінделген. Әр жұптың ортасынан үлкендігі-кішілі күміс құйма әшекей қондырылған. [4]

Жасалу ерекшеліктеріне байланысты да әрқилы. Мысалы: ағаштан ойған сандықтар, терімен қапталған жағландар, сүйек сандықтар, жұмсақ қаңылтырмен әсемделген сандықтар. [5] Олардың аяғы болмаған. Қазіргі жағдайда сандық жасағанда, жерге қойғанда түбі дымқыл тартпау үшін оның астыңғы төрт бұрышына үйлестіре тақтайдан бұрыштап аяқтар орнатамыз. Екі қапталына екі тұтқа орнатылады және төмендегідей үлгіде жасалынады. Тұтқаларды қалың сым темірден немесе қалың қаңылтырдан дайындауға болады. Сайып келгенде қазақ халқының үй жиһаздары қазақ өмірінің сарабынан өткен, нағыз қазақи өмірге сәйкескен дүниелер[6].

Ия, заман жаңарып, қоғамға елеулі өзгерістер ене бастады десек те, колөнер бұйымдары мен оны жасаушы шеберлер өнері күні бүгінге шейін бәрімізді таң қалдырады.

Қолданылған әдебиетер тізімі

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық.-А.: Аруна Ltd, 2005, 229 б.
2. Шоқпарұлы Д. Альбом.- А.: Өнер, 2005, 34 б.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – А.: Өнер, 1987, 126 б.
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия.- Т.2, А.: Өнер, 2006, 141 б.
5. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы.-А.: Қайнар, 1996, 236 б.
6. Жәнібеков Ө. Жолайрықта.-А.: Қайнар, 1995, 64 б.